

Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 сәуірдегі N 318 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. "Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 136 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 3, 38-құжат) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 с ә у і р д е г і

N 3 1 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары

1. Заңды тұлғаларға арналған біліктілік талаптары:

1) құрылтай құжаттары мен заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмелерінің (егер оларды нотариус растамаған болса,

түпнұсқаларын көрсету арқылы);

2) ұйымның басшысында жоғары білімнің;

3) автомобиль жолдарын салу немесе пайдалану, жол қозғалысын ұйымдастыру саласында білімі бар мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс стажы бар;

инженер-электронщик, инженер-электрик;

бағдарлам объектілерін, жол қозғалысын реттеу аппаратураларын, жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, жол белгілерін, жол белгілерін енгізуді, жол қозғалысын ұйымдастыруда қолданылатын өзге де техникалық құралдар мен жабдықтарды орнату, монтаждау, бабына келтіру, жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ететін мамандардың (жеке еңбек шарттары көрсетілуі мүмкін);

4) өндірістік-техникалық базаның: мамандандырылған өндірістік ғимараттың, мамандандырылған машиналар мен тетіктердің (жолдарға белгі қою, құрылыс-монтаж жұмыстары мен жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындау үшін), жол бақылаушыларын, бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу мен дұрыстауды қамтамасыз етуге арналған бақылау-сынақ стенділерінің (не мүліктік жалға алу шарттарының);

5) жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының авариялық қоры мен олардың жиынтықтарының;

б) стандарттардың, нормативтердің, ережелердің және лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру үшін қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да техникалық құжаттамалардың болуын қамтиды.

2. Жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптары:

1) жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің;

2) жеке тұлғада жоғары немесе арнаулы орта білімнің;

3) автомобиль жолдарын салу немесе пайдалану, жол қозғалысын ұйымдастыру саласында білімі бар мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс стажы бар;

инженер-электронщик, инженер-электрик;

бағдарлам объектілерін, жол қозғалысын реттеу аппаратураларын, жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, жол белгілерін, жол белгілерін енгізуді, жол қозғалысын ұйымдастыруда қолданылатын өзге де техникалық құралдар мен жабдықтарды орнату, монтаждау, бабына келтіру, жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ететін мамандардың;

4) өндірістік-техникалық базаның: мамандандырылған өндірістік ғимараттың, мамандандырылған машиналар мен тетіктердің (жолдарға белгі қою,

құрылыс-монтаж жұмыстары мен жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындау үшін), жол бақылаушыларын, бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу мен дұрыстауды қамтамасыз етуге арналған бақылау-сынақ стенділерінің (не мүліктік жалға алу ш а р т т а р ы н ы ң) ;

5) жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының авариялық қоры мен о л а р д ы ң ж и ы н т ы қ т а р ы н ы ң ;

б) стандарттардың, нормативтердің, ережелердің және лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру үшін қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да техникалық құжаттамалардың болуын қамтиды.